Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының
докторанты Т. Нұрбековтің «8D02307 – Қазақ филологиясы»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған
«Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі»
тақырыбындағы диссертациясына отандық кеңесшінің

ПІКІРІ

Әлемнің тілдік бейнесін таңбалаудың когнитивтік құрылымдарының формалары, тілдік бірліктердің қызметін семантикалық және функционалдық тұрғыдан түсіндіру мәтін ішіндегі әрекет пен оның нәтижесін талдау барысында маңызды мәнге ие. Тіл білімінің қазіргі дамуы барысында әлемнің тілдік бейнесін зерделеудің маңызы ерекше. Қазақ ертегісі фольклорлық жанрлардың ішіндегі ең кең тарағаны. Әлемдік деңгейдегі ертегілерді зерттеушілердің айтуына қарағанда, фольклордың басқа жанрларымен салыстырғанда, ертегілердің әртүрлі нұсқалары да көп. Айтушысы мен тыңдаушының дүниетанымы мен түсінігіне, оқиға дамуына қатысты көзқарасына сәйкес ертегі нұсқалары көп болуы заңды.

Докторант Талғат Нұрбековтің зерттеу жұмысында әлемнің тілдік бейнесінде қазақ халық ертегілері қандай көрініс беретіндігі жайлы жазылған. Диссертант зерттеу жұмысын екі тарауға бөліп қарастырады. Бірінші тарауы қазақ ғылымында ертегілердің зерттелуі талданып, тұрмыс-салт ертегілеріндегі рефлекция мен бағалаудың көріністерін айқындауға арналады, бұл тарауда қазақ ертегілеріндегі ғылыми таным мен әлемнің тілдік бейнесі талданады.

«Тұрмыс-салт ертегі мәтіндерінің семантикалық-танымдық сипаты» атты екінші тарауда тұрмыс-салт ертегілеріндегі далалық дүниетанымның әлемнің тілдік бейнесіндегі көрінісі, ертегідегі әлемнің тілдік бейнесін айқындаудағы сөз таптарының маңызын, «жақсылық», «мейірім», «ақыл» және т.б. ұғымдардың тілдік ерекшеліктеріне талдау жасалды.

Халық ертегілері ұлттық болмыс пен ұлттық менталдықты айқындауда өнімді де анық ақпарат беріп қана қоймады, онымен бірге оның болашақта сақталуына да үлкен мүмкіндік береді әрі маңызды тәрбие құралы болады. Диссертант ертегі мәтіндерін тілдік тұлғаның сөйлеу-ойлау қызметінің жемісі ретінде қарастыра білген. Ертегіде әлемнің тілдік бейнесінің, яки танымның тарихын динамикалық түрде және концептуалды сипатын айқындауға диссертант ерекше көңіл бөледі. Қазақ дүниетанымындағы уақыт ұғымының ертегілерде берілуіне назар аудару арқылы, ертегінің мекеншақтық сипаты талданды. Тұрмыс-салт ертегілерінде уақыт категориясы арқылы анықталатын ішкі терең философиясы зерделенді.

Диссертант ертегі арқылы айқындалатын әлемнің тілдік бейнесін халықтың қарапайым санасында тарихи қалыптасқан болмыстың көрінісін тілдік таңба арқылы сәулелендіре таңбалап, шындықтың танымда тұжырымдалған сипатын танытатын тәсіл ретінде бағалайды.

Ізденуші Талғат Нұрбеков «Ер Төстік» ертегісін терең зерделеу арқылы тыңдаушыға берілетін ұлттық салт пен дәстүрді, мінезді, рухани құндылықтарды танытудың рефлексиялық ерекшелігін ашады. Оған аксиологиялық тұрғыдан баға береді. Осы ертегі арқылы тыңдаушының ата-анасына деген сүйіспеншілігі; бауырларына деген бауырмалдық қасиеті; өзіне есеп беруге үйренуі; өзін және өзгені бағалауы жетілетінін ғылыми негіздейді. Диссертант қазақ ертегілері А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, М.Әуезов жинақтауымен әртүрлі басылымдарда жарияланған нұсқаларын талдайды және теориялық тұрғыдан М. Ғабдуллин, Е.Ысмаилов, С.Қасқабасов бастаған көптеген ғалымдардың еңбектерін басшылыққа алған.

Диссертация жұмысының белгілі бір деңгейде теориялық маңызы бар, өйткені қазақ халық тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі лингвомәдени бағытта бірінші рет ғылыми тұрғыдан талдауға түсіп, тілдік бірліктердің танымдық ерекшеліктері айқындалды. Диссертация жұмысында белгіленген ұғымдарды екі деңгейде ұсынады: терең семантикалық құрылымды ұғымдар және негізгі сөздің этимологиясына негізделген деңгей деп зерттеушінің өзіндік талдау мен жіктеп көрсетуі бар. Негізгі сөздің этимологиясына негізделген деңгей ұғымның мазмұнын толық ашу үшін қажет. Жұмыс ішкі бірлік пен пайымдаулардың логикалық жүйелігімен, ғылыми стильді сақтауымен ерекшеленеді.

Талғат Нұрбековтің «Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі» тақырыбындағы диссертациясы толық аяқталған, ғылыми өзекті тақырыпты теориялық тұрғыдан зерделеп, нақты ғылыми міндеттері бойынша тұжырымдар жасаған ғылыми еңбек деп бағалаймыз.

Диссертацияны «8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Пікір жазған:

Отандық ғылыми кеңесші,
филология ғылымдарының
докторы, профессор **Ж.Қ.ТҮЙМЕБАЕВ**

Қолын растаймын
Подпись заверяю

БИН 990140001154